

## **Кәсіподақтың Қарағанды облыстық ұйымында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы АҚПАРАТ**

Ақпараттық жұмыс – кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау және кәсіби мүдделерін білдіру жөніндегі жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асырудың маңызды құрамдас бөлігі. Қарағанды облыстық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы (бұдан әрі – Облыстық ұйым) Кәсіподақтың XV Съезінің шешімдерін және 2024-2029 жылдарға арналған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы қызметінің бағдарламасын іске асыру бойынша ақпараттық қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында жұмыстар жүргізуде.

Облыстық ұйымның осы бағыттағы жұмыстың негізгі міндеттері ақпараттың сапасын арттыру және кәсіподақтың ақпараттық ресурстарын тиімді пайдалану, кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, кәсіподақ мүшелерін жедел ақпаратпен қамтамасыз ететін тиімді жаңа ақпараттық технологияларды енгізу болып табылады.

Облыстық ұйым аппаратында ақпараттық жұмыс мәселелерімен барлық мамандар айналысады. Қаржылық мүмкіндіктің шектелуіне байланысты ақпараттық жұмыспен тікелей айналысатын PR-менеджер штат бірлігі жоқ.

Соңғы жылдары Облыстық ұйымның және оның филиалдарының ақпараттық қызметі әлеуметтік желілерде: Facebook, Instagram парақшаларында белсенді пайдаланылуда. Парақшаларда жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударылатын кәсіподақ органдары қызметінің барлық бағыттары бойынша жедел ақпарат жарияланады.

2022 жылы – 76, 2023 жылы – 120, 2024 жылы – 103 ақпарат жарияланды.

Бүгінде Облыстық ұйымның Facebook желісіндегі парақшасына 5 мыңнан астам адам жазылған.

Әлеуметтік желілерде кері байланыс орнатылған. Жазылушылар пікірлер қалдырып, хабарламалар жібереді және талқылауларға қатысады. Бұл олардың өтініштері мен сұрақтарына жылдам жауап беруге көмектеседі. Тек 2023 жылдың өзінде Облыстық ұйым мен оның филиалдарының қызметкерлері WhatsApp мессенджерін қоса алғанда, 1358-ден астам сұрақтарға, хабарламалар мен өтініштерге жауап берген.

Облыстық ұйымның Instagram парақшасына жазылушылардың санын көбейту мақсатында 2024 жылдан бастап әр жұма сайын «Ұтыс ойыны» ойын-сауық байқауы өткізіледі. Байқауға қатысу шарттары: әлеуметтік желідегі парақшаға жазылу және 3 кәсіподақ мүшесін белгілеу. Әрбір жеңімпазға ынталандыру сыйлығы беріледі, нәтижесінде жазылушылар саны 1000-ға артты.

Facebook, Instagram парақшаларында атаулы күндерге арналған «Еңбек адамы» айдары жүйелі түрде жүргізіледі.

<https://www.facebook.com/share/p/DThzxLrzkzdYjkdG/?mibextid=qi2Omg>,  
«Еңбегімен еленген нәзік жандар».

<https://www.facebook.com/share/p/jchbrXiXFm9KEXtH/?mibextid=qi2Omg>.

Сондай-ақ, әлеуметтік әріптестер кәсіподақ ұйымының қызметі мен жұмыс тәжірибесін кеңінен тарату мақсатында өз парақшаларында кәсіподақ жұмысы туралы ақпаратпен бөліседі.

Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшалар Облыстық ұйымның барлық филиалдарында ашылған (web-сілтемелер №1 қосымшада).

ҚР КФ «Қазақстан кәсіподағы», «Білімді ел - Образованная страна» республикалық газеттерінде Облыстық ұйымның жұмысы туралы әртүрлі материалдар жарияланады (2022 жылы – 24, 2023 жылы – 27, 2024 жылы – 10). Республикалық теле және радио хабарларда Төраға А. Ракишева, басқа да аудандық, қалалық кәсіподақ ұйымдарының басшылары Облыстық ұйым қызметінің өзекті мәселелері бойынша жүйелі түрде ақпарат беріп отырады:

- 2023 жылдың 18 сәуірінде жергілікті «1-Карагандинский» арнасында «Bagyt» бағдарламасында төраға А. Рақышева «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында сөз сөйледі. <https://youtu.be/q7xQNHFiueU>;

- 2022 жылғы 15 желтоқсанда ҚР КФ YouTube арнасындағы «Приоритеты» бағдарламасында <https://www.facebook.com/share/p/VuDPvgEJc74RJoAH/?mibextid=qi2Omg>;

- 2023 жылғы 14 желтоқсанда ҚР КФ YouTube арнасындағы «Приоритеты» бағдарламасында <https://youtu.be/c2BJZGYRWPw>;

- 2024 жылдың 30 тамызында облыстық «Новое телевидение» телеарнасында «Зеленая волна» бағдарламасында аудандық филиал төрағалары Кашенова М., Хамитова Э. кәсіподақ ұйымының жұмысы туралы сөз сөйледі. <https://youtu.be/rUlsI2hpIZ4?si=vIzx0LyNK0seW6ri>.

Кәсіподақтың бастауыш ұйымдарында кәсіподақ стендтері мен бұрыштары орнатылған, онда кәсіподақ комитеттерінің қызметі, жұмыс жоспарлары, еңбек заңнамасына енгізілген өзгерістер, қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар туралы ақпараттар көрсетілген.

Кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ стендтерін безендіру кезінде көрнекі үгіт-насихат ретінде әртүрлі жадынамалар, брошюралар, парақшалар, плакаттар және т.б. қолданылады. Буклеттер, ақпараттық бюллетеньдер, жедел ақпараттар, әдістемелік ұсыныстар және т.б. шығарылады. Ақпараттық жұмыс мәселелерін шешу үшін акциялар мен қоғамдық «арнайы» іс-шаралар өткізіледі. Бұл жұмыстар кәсіподақтың оң имиджін танымал етуге және нығайтуға көмектеседі, PR қызметін арттыруға және кәсіподақ мүшелерін ынталандырады.

Білім беру ұйымдарының ұжымдарымен тұрақты түрде кездесулер өткізіліп, Облыстық ұйымның барлық қызмет бағыттары бойынша жұмысы туралы ақпарат беріледі. «Қалың қалай бастауыш ұйымы?» акциясы аясында бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен кездесулер ұйымдастырылады. 2023-2024 жылдары Облыстық ұйым аппаратының қызметкерлері Шет, Осакаров, Бұқар жырау аудандарының, Саран, Теміртау, Қарағанды қалаларының бастауыш кәсіподақ ұйымдарында болды. Сондай-ақ, бастауыш ұйым төрағаларымен

онлайн кездесулер өткізіліп, ақпараттық жұмыстың өзекті мәселелері талқыланады.

Ақпараттық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері Облыстық ұйымның Аққару Комитетінің бастауыш, қалалық, аудандық кәсіподақ ұйымдарымен өткен отырыстарында тұрақты түрде қаралып, тиісті қаулылар қабылданады.

Облыстық ұйым мен оның филиалдарының қызметі республикалық «Қазақстан кәсіподағы» және «Білімді ел» газеттерінде, облыстық «Индустриальная Караганда», «Орталық Қазақстан», «Отан-Заман» газеттерінде, сондай-ақ, аудандық және қалалық «Абай ақиқаты», «Сарыарқа», «Қарқаралы», «Шет ақиқаты» газеттерінде кеңінен жарияланады.

«Қазақстан кәсіподағы» және «Білімді ел» газеттеріне жазылу жыл сайын жүргізіледі.

Сонымен бірге, ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттырудың кейбір мәселелері Облыстық ұйым жұмысында өзекті болып қалуда.

Облыстық ұйымның алдында жұмыс тәсілдерін түбегейлі өзгерту бойынша келесідей міндеттер тұр:

- БАҚ және әлеуметтік желілермен өзара іс-қимыл жасау бойынша Облыстық ұйымның қызметін жетілдіру;

- тиімді кері байланысты қамтамасыз ете отырып, кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру жүйесін дамыту;

- кәсіподақ мүшелерімен онлайн режимде тұрақты байланыс (мониторинг, сауалнамалар, форумдар және т.б.);

- жаңа PR-технологияларды, әлеуметтік желілерді, интернет-форумдарды, Интернет желісіндегі басқа да алаңдарды пайдалану арқылы Облыстық ұйымның оң имиджін нығайту және кәсіподақ мүшелерінің ынталандыруды күшейту бойынша жұмысты жандандыру.

Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты негізде жалғасатын болады.

**Карагандинская областная организация Профсоюза**

**Қарағанды облыстық ұйымы филиалдарының Facebook, Instagram әлеуметтік желілердегі парақшалары.**

№	Облыстық, қалалық, аудандық ұйымның атауы	Instagram/Facebook
1.	<b>Облыстық кәсіподақ</b>	<a href="https://www.instagram.com/profsoyuz310krq?igsh=bzdxaw0ybmF3Y2lm">https://www.instagram.com/profsoyuz310krq?igsh=bzdxaw0ybmF3Y2lm</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100041669981308&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100041669981308&amp;mibextid=LQJ4d</a>
2.	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/profsoyz_kazibekbi_krg?igsh=MXFkdHcxZWR3cHlmcg==">https://www.instagram.com/profsoyz_kazibekbi_krg?igsh=MXFkdHcxZWR3cHlmcg==</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100065923713592&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100065923713592&amp;mibextid=LQJ4d</a>
3.	Қарағанды қаласы Ә.Бөкейхан атындағы аудандық кәсіподақ	<a href="https://www.instagram.com/profsoyz_alihan_bokeikhan?igsh=MWNIYWQ2M2w4YXl5ag==">https://www.instagram.com/profsoyz_alihan_bokeikhan?igsh=MWNIYWQ2M2w4YXl5ag==</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100040766776380&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100040766776380&amp;mibextid=LQJ4d</a>
4.	Теміртау қалалық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/p/C_NFCIZOIdW/?igsh=em5yMXl1ZXJtbTEw">https://www.instagram.com/p/C_NFCIZOIdW/?igsh=em5yMXl1ZXJtbTEw</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100091534626403&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100091534626403&amp;mibextid=LQJ4d</a>
5.	Балқаш қаласының жергілікті кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/1301asem?utm_source=qr&amp;igsh=M2ZtYnVsNXI4bWM5">https://www.instagram.com/1301asem?utm_source=qr&amp;igsh=M2ZtYnVsNXI4bWM5</a> <a href="https://www.facebook.com/ asem.aitzhanova.7?mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/ asem.aitzhanova.7?mibextid=LQQJ4d</a>
6.	Шахты қалалық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/profsoyz_shahtinsk?igsh=YnVjcmJuc2o1b2po">https://www.instagram.com/profsoyz_shahtinsk?igsh=YnVjcmJuc2o1b2po</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100001131471418&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100001131471418&amp;mibextid=LQJ4d</a>
7.	Саран қалалық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/saran_kasip_odagy?igsh=MXhnOWI2NmNzZWxmZw%3D%3D&amp;utm_source=qr">https://www.instagram.com/saran_kasip_odagy?igsh=MXhnOWI2NmNzZWxmZw%3D%3D&amp;utm_source=qr</a> <a href="https://www.facebook.com/share/JnnunN8GkbvWbQp/?mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/share/JnnunN8GkbvWbQp/?mibextid=LQQJ4d</a>
8.	Абай аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/abaiprofs?igsh=YW50YzN2ZXEzcWo2">https://www.instagram.com/abaiprofs?igsh=YW50YzN2ZXEzcWo2</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100091772294407&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100091772294407&amp;mibextid=LQJ4d</a>
9.	Бұқар жырау аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/buharzhirau_profkom?igsh=MWNI21tY3ptYmY1dQ==">https://www.instagram.com/buharzhirau_profkom?igsh=MWNI21tY3ptYmY1dQ==</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100079150882621&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100079150882621&amp;mibextid=LQJ4d</a>
10.	Қарқаралы аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/profsoyz_karkaraly_krg?igsh=Nzc4ZnE1dW84OWRu&amp;utm_source=qr">https://www.instagram.com/profsoyz_karkaraly_krg?igsh=Nzc4ZnE1dW84OWRu&amp;utm_source=qr</a> <a href="https://www.facebook.com/share/yjrehhq1dnj4SYPP/?mibextid=LQQJ4d">https://www.facebook.com/share/yjrehhq1dnj4SYPP/?mibextid=LQQJ4d</a>
11.	Нұра аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/adambai4/?hl=ru">https://www.instagram.com/adambai4/?hl=ru</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100011505072842&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100011505072842&amp;mibextid=LQJ4d</a>
12.	Осакаров аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/1301asem?utm_source=qr&amp;igsh=M2ZtYnVsNXI4bWM5">https://www.instagram.com/1301asem?utm_source=qr&amp;igsh=M2ZtYnVsNXI4bWM5</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=100050240240750&amp;mibextid=LQJ4d">https://www.facebook.com/profile.php?id=100050240240750&amp;mibextid=LQJ4d</a>
13.	Шет аудандық кәсіподақ ұйымы	<a href="https://www.instagram.com/shet_profsoiuz?igsh=MTEyM2M0ejRiazRubg==">https://www.instagram.com/shet_profsoiuz?igsh=MTEyM2M0ejRiazRubg==</a> <a href="https://www.facebook.com/profile.php?id=61564216835782&amp;mibextid=ZbWKwL">https://www.facebook.com/profile.php?id=61564216835782&amp;mibextid=ZbWKwL</a>